

"1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 қазандағы N 894 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, ол 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары

туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға толықтырулар енгізу туралы хаттамаға Қазақстан Республикасының атынан қол қойсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

N

Ж а р л ы ғ ы м е н

мақұлданған

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға толықтырулар енгізу туралы хаттамасының жобасы

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына қатысушы мемлекеттер, 2000 жылғы 20 маусымда қол қойылған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) және 2002 жылғы 7 қазанда қол қойылған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісім шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімді нысаналы пайдалануға бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға (бұдан әрі - Хаттама) негізінде Тараптардың әскери де және контртеррористік әлеуетін де дамыту мүдделерінде әскери-техникалық ынтымақтастықты одан әрі жетілдіруге ұмтыла отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Хаттаманың 3-бабының екінші абзацы "ұлттық қарулы күштерінің" деген сөздерден кейін», өзге де әскери құралымдарының, құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтерінің" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.
200_ жылы " ____ " _____ қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығында сақталады.

Армения Республикасы үшін
Беларусь Республикасы үшін
Қазақстан Республикасы үшін
Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін
Тәжікстан Республикасы үшін
Өзбекстан Республикасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК